**Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы желтоқсандағы Үндістан Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 28 сәуірдегі N 675

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы желтоқсандағы Үндістан Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру және қазақстан-үндістан ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1996 жылғы желтоқсандағы Үндістан Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары бекітілсін ( қоса беріліп отырған).

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, Мемлекеттік

комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары шаралар жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде жарты жылда бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалу барысы жөнінде хабарлама жасап отырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 28 сәуірдегі
N 675 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
1996 жылғы желтоқсандағы Үндістан Республикасына ресми
сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен
уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар

Ж О С П А Р Ы

| N р/с | Шаралар | Мазмұны |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |

1. Мынадай екі тарапты құжаттарды әзірлеу:

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Үндістан Республикасының Қорғаныс министрлігі арасындағы ынты. мақтастық туралы меморандум | Сарапшылардың келіссөз. дерін жүргізу |
| 2 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы білім, ғылыми атақтар, ғылыми дәрежелер жөніндегі құжаттарды тану және олардың баламдылығы туралы келісім | Сарапшылардың келіссөз. дерін жүргізу |
| 3 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Жоғары білікті ғылыми-педа. гогтік кадрларды даярлау және аттестациялау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | Бұл да сондай |

II. Үндістан тарабына тапсыру үшін мынадай құжаттардың жобаларын әзірлеу

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы өздерінің аумақтарындағы қылмыстық жауапкерші. лікке тартылған адамдарды немесе заңды күшіне енген үкімді орындау үшін өзара ұстап беру туралы шарт | Сарапшылардың келіссөз. дерін жүргізу |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы Жазасын өтеу үшін сотталғандарды беру туралы шарт | Бұл да сондай |

III. Басқа да мәселелер

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, фармакология шағын және орта бизнес салаларында бірлескен кәсіпорындар құруда үндістандық компанияларға жәрдемдесу | Келіссөздер. кездесулер өткізу, өзара сарапшылар алмасу |
| 7 | Көмірсутек шикізатын барлау, өндіру және қайта өңдеу саласында ынтымақ. тастық орнату, бұрыннан бар өндіріс орындарының инфрақұрылымын жетілдіру мүмкіндіктерін белгілеу | Үндістан тарабымен бірге пысықтау |
| 8 | Ғылым, мамандар алмасу, ноу-хау саласында бірлескен зерттеу бағдарламаларын әзірлеу | Үндістан тарабымен келісу |
| 9 | Қазақстанда - Үндістан және Үндістанда - Қазақстан Мәдениет күндерін өткізу | Үндістан тарабымен мерзімдерін келісу, ұйымдастыру мәселелерін шешу |

| Орындалу мерзімі | Орындауға жауаптылар |
|---|---|
| 4 | 5 |
| 1. 1997 жылдың II жарты жылдығы | Қорғанысмині |
| 2. 1997 жылдың II жарты жылдығы | Білім және мәдениетмині, Ғылыммині - Ғылым академиясы |

|
3. _"_ | Ғылыммині - Ғылым академиясы,
| Білім және мәдениетмині
|
4. 1997 жылдың II жарты | Бас прокуратура (келісім
жылдығы | бойынша), МТК (келісім бойынша),
| Ішкіісмині, Әділетмині,
| Сыртқыісмині
|
5. _"_ | Бас прокуратура (келісім
| бойынша), МТК (келісім бойынша),
| Ішкіісмині, Әділетмині,
| Сыртқыісмині
|
6. Тұрақты түрде | Экономсаудамині, Ауылшармині,
| Денсаулықмині
|
7. 1997 жылдың II жарты | Энергетика және табиғи
жылдығы | ресурсмині
|
8. _"_ | Ғылыммині - Ғылым академиясы
|
9. 1997 жылдың II жарты | Білім және мәдениетмині,
жылдығы - 1998 жылдың | Сыртқыісмині
I жарты жылдығы |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК